


12009
14298к




СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ

БАЗАРБАЙ
ИСАЕВ



ШЫГАРМАЛАРЫ







"МӘДЕНИ МҰРА"

МЕМЛЕКЕТТЕК БАҒДАРЛАМАСЫНЫН КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫН
ТҮНГҮШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСУЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

*Біз өзіміздің арсы-бергі
ата-бабаларымыздың жүздеген
бұнының қалдығран есиетін ақтап,
мұраларын сақтап, молайта беру
жолында топтасуға тиіспіз.*

Н.Ә. Назарбаев

Редакция алқасы

Бердібаев Р., төрага

Алматов А.

Досжан Д.

Кәрібозұлы Б., жауапты редактор

Қасқабасов С.

Қоңыратбаев Т.

Момышбаев Б.


Оразбай И.

Оспан С.

Пірназар С.

Рахымбекұлы Э.

Сейсекеева К.



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫН ӘКІМДІГІ

КОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
КЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ

БАЗАРБАЙ
ИСАЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

БІРІНШІ ТОМ

КҮН ТУДЫ

ӨЛЕНДЕР МЕН ПОЭМАЛАР

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ
АСТАНА-2009

**УДК 821.51
ББК 84 Қаз 7-5
И 83**

*Kitap Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің жаңындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын
ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып,
баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

Пікір жазғандар:

Ә. Рахымбекұлы – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі;
F. Тұяқбаев – филология ғылымдарының кандидаты

И 83 **Исаев Базарбай.**
Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009.
Т. 1. Құн туды. Өлеңдер мен поэмалар. – 416 б.

ISBN 9965-35-657-2

«Сырдария кітапханасының» құрамына екі томдық жыр жинағымен еніп отырған ақын Базарбай Исаевтың бірінші кітабы «Құн тудыға» бұрын жарияланған жыр жинақтарынан ірітеліп алынған өлеңдері еніп отыр. Ақынның жүргегінен жарып шыққан жыр жолдары Отанға, туған жерге деген сүйіспен шіліктен туған. Сонымен қатар ақын өскен ортасы мен қоғамның көкейкесті мәселелеріне өз ойын білдіреді, адамдар арасындағы адамгершілік, адалдық тәрізді асыл қасиеттерді, кіршіксіз таза махаббатты, жалынды жастықты жыр етеді. Тілі шұрайлы, мазмұны мағыналы өлең жолдары оқырманың ойға жетелейді.


Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

**И 4702250202
00(05) - 09**


**УДК 821.51
ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 9965-35-657-2 – (Т. 1)
ISBN 9965-35-656-4**

© Исаев Базарбай, 2009
© «Фолиант» баспасы, 2009



ΘΛΕΗΔΕΡ



**УДК 821.51
ББК 84 Қаз 7-5
И 83**

Китап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жаңындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын вылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Фылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды

Пікір жазғандар:

Ә. Рахымбекұлы – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі;
F. Тұяқбаев – филология ғылымдарының кандидаты

И 83 **Исаев Базарбай.**
Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009.
Т. 1. Құн туды. Өлеңдер мен поэмалар. – 416 б.

ISBN 9965-35-657-2

«Сырдария кітапханасының» құрамына екі томдық жыр жинағымен еніп отырған ақын Базарбай Исаевтың бірінші кітабы «Құн тудыға» бұрын жарияланған жыр жинақтарынан ірітеліп алғынған өлеңдері еніп отыр. Ақынның жүргегінен жарып шыққан жыр жолдары Отанға, туған жерге деген сүйіспен шіліктен туған. Сонымен қатар ақын өскен ортасы мен қоғамның көкейкесті мәселелеріне өз ойын білдіреді, адамдар арасындағы адамгершілік, адалдық тәрізді асыл қасиеттерді, кіршіксіз таза махаббатты, жалынды жастықты жыр етеді. Тілі шұрайлы, мазмұны мағыналы өлең жолдары оқырманың ойға жетелейді.


Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

**И 4702250202
00(05) - 09**


**УДК 821.51
ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 9965-35-657-2 – (Т. 1)
ISBN 9965-35-656-4**

**© Исаев Базарбай, 2009
© «Фолиант» баспасы, 2009**



ΘΛΕΗΔΕР



БІРІНШІ ТАРАУ

МЕЙРАМ ЖЫРЫ

Шырқаңдар, достар, шаттықтың жыры лауласын,
Көшені күлкі, көңілді думан жауласын...
Атылсын салют – арманның алау фонтаны,
Жер – ана төсін бетке алып, жұлдыздар көктен сауласын!

Азамат, тыңда! Еліне бақыт діттейтін,
Ұлы той бүгін, қызығы мәңгі бітпейтін.
Ұлы той бүгін, емірентіп күйді тартатын,
Ұлы той бізге ұлы бір міндет жүктейтін.

Ұлы той бүгін, өткен күн көзге елестер,
Данышпан, ойлан, келер үрпаққа кеңес бер!
Армандарымның жалынын алақаныммен,
Әлемге түгел паш етіп жатқан мені ескер...

Ұлы той... достың сүйініп басын иетін,
Ұлы той... қастың күйініп, маңдайы тасқа тиетін...
Ұлы той бүгін, еңбегі жанған ерлерді,
Еміреніп келіп ерке күн құшып сүйетін.

Қазақ ек бұрын пәк жанын қайғы қарыған,
Фажаппиз енді бақ қонып, дәulet дарыған.
Күн өшпей бітпес намыс пен ардың күресі,
Құтқарған біздің халықты көп заман шеккен зарынан.

Шырқаңдар, достар, аспанның астын балқытып,
Нұр таңнан, жастар, болашағынды ал күтіп...
Ұлы той бүгін, тарихтың өзі тік тұрған
Көзіне күннің жалауын жайып шалқытып!

ОТЫЗФА ОДА

Ассалау мағалейкүм, отыз достым,
 Омырауыңнан ешқашан от үзбеспін...
 Боларыңа сенемін керуенбасы,
 Отыздардан басталар отыз көштің.

Ар алдында, немесе дар алдында,
 Ант еткен әділеттен жарадың ба?!

Талай ғасыр адасып таппай жүріп,
 Бұгін қайта өзіме оралдың ба?!

Көтер мені... көгіне көтер мені,
 (Мәңгі жас қып өмірді кетер ме еді?!)
 Өңіріде өрмелеп барамын мен,
 Омырауыңа өшпейтін от өргелі.

Жүрегімнен суырып өрелі өлең,
 Жазирамның жас гүлін тере берем.
 Айналайын, отызым, өшпес отым,
 Келбетіңнен күн нұрын көре берем.

Жастықтың жалынымен бұрқанамын,
 Көкірегімнің күйін шерт, нұр талабым!
 Табиғатты ұлымдай тербетейін,
 Жиырмасыншы ғасырдың шырқап әнін...

АКРО ӨЛЕҢ

Торықпа ертеңге сен, бұгінге сен,
 Таптырмас маржан терең үңілмесең.
 Толықсып тебірентер атқан таңдай,
 Толғаулар туар талай тұңілме, сен!

Оралмас атқан оқтай күнің өткен
 Ол бірақ, ойлар тастап, күліп өткен.
 Орман – ой ақсүйегін таптырмайтын,
 Ойынмен өткізген қыз тұні деп пе ең!..

Рахатқа жас жаныңды малындырып,
Рауандап атқан сайын таңың күліп;
Раушан жүректерге жүрерсің сен
Риясыз ақ жырыңды сағындырып.

Үкітама, дауыл соқса ұмтыл алға,
Үлаңың ыдырысын бұлты қалмай.
Үлдидан төске шапсын тұлшар – шындық,
Үқылас түссе көңіл құлпыраңдардай.

Қаймықпа қындықтан, қатерден де,
Қажыма, шәкірттік шақ өтер демде.
Қайраттан, жарқылдаған жырыңды жаз,
Қайықтан аппак желкен көтергендей!

Періште – ғасырыңнан алыс қалмай,
Пайымда оң-солыңды данышпандай.
Палуан төзіміңмен таптап таста,
Пәтуасыз, пайымсыз ой қарысқанда.

Алмастай жарқылдағын, тартынбағын,
Алдыңда қол бұлғап түр жарқын бағың.
Арманың асқарына алып баар
Арыстан арыныңдай қарқынға мін!

* * *

Бір сарыңды, бір үнді,
Өмір өтіп жатыр-ау.
Кім үғады сырымды?
Кімге айтамын, батыр-ау?!

Білгені жөн бәрінің,
Жыр жазбаймын күлкі үшін.
Мұлгіген жас-кәрінің
Жанын даусым сілкісін!

Өтсін күндер от өріп,
Қалсын жақсы белгісі.
Жүрегімді көтеріп
Етем жастық гербісі!

ШОПАН ЖЫРЫ

Жайлауға шық, көктемді көргің келсе,
 Құшақ-құшақ гүлдесте тергің келсе.
 Саф ауада тербеліп, толқып тұрып,
 Бұлбұл қыздай ән шырқап бергің келсе!

Қонағым бол құрметтеп сыйлайтұғын,
 Қайтаруға қалаға қимайтұғын.
 Көктем мынау – өзімнің пәк көңілім,
 Бар алғысын әлемнің жинайтұғын

Жайлау қандай жанымды желіктірген,
 Фашық болып қаларсың көріп бірден.
 Қонағым бол қапысыз сыйлайтұғын,
 Жалғыз жүріп жапанда зеріктім мен.

Жарқылдаған жүзіндей нұр алмастың,
 Жайрандамай, жабығып тұра алмаспын.
 Сағынармын сәулетті қалаларды,
 Кең жайлаусыз салтанат құра алмаспын.

Жайлауға шық көктемді көргің келсе,
 Құшақ-құшақ гүлдесте тергің келсе.
 Саф ауада тербеліп, толқып тұрып,
 Бұлбұл қыздай ән шырқап бергің келсе!

* * *

Киқулап үшқан құстардың,
 Қанатынан есіп ақ сәуле самал – майда сел,
 Жап-жасыл жерге құштар күн,
 Еміреніп тұрып масаты нұрын жайды әсем.
 Алаулап жатқан армандай ару көктем бұл:
 Дүниені түгел құмарлықпенен жайнатқан,
 Бұлбұл – даланы сайратқан.
 Әз аналардың ақ сүті сынды
 Балбұлақтар мәңгі бүрқаған сырлы аймақта
 Періште-бебек жүрегін
 Елжірететін көктем бұл!

Ұлы бақыттың дауылы соғып
 Қуанышты сөттей шалқыған,
 Ақша бұлтардай әдемі шақта қалқыған,
 Мөп-мөлдір сезім көктем бұл!
 Маңайды түгел майысқақ гүлдер қаптаған,
 Құдіретті күштің базарын гүрлеп мақтаған,
 Аңқылдал тұрып
 Бар сырын нөсерлеткенмен,
 Құпиясын мәңгі тереңде ғана сақтаған,
 Көк бүйра теңіз көктем бұл!

ЖАС ТАЛАБЫ

Шаттанамыз... Мақтанамыз лепіріп,
 Ақталамыз кейін соған өкініп.
 Аттанамыз алғы күнге
 Алдымен
 Армансыз бір алмай тұрып бекініп.

Балалық па... Даналық па бұл деген,
 Алабұртпа алау көңіл гүлдеген.
 Жаңалыққа жаны құмар жас ғұмыр,
 Келер күнді аңсан кірпік ілмеген.

КҮЗГІ ЭСКИЗ

Оңайлықпен оталмайды мотор біткен таңертең,
 Құс төсекті, жар құшағын қалай қисын ақ еркем?!

Малдар ықтап үй маңынан қуғаныңмен кетпейді,
 Сұп-сұық жел жапырақты бір сілкімей өтпейді.

Қырау басқан: сарғайған шөп, жұлым-жұлым талдарды,
 Қырда жалғыз қаңбақ қуып ызындаған ән қалды...

Мұрындықтап бота құмды құйын кетті аспандап,
 Мөлиіп түр жас көктемге гүл құшағын ашқан бақ.

Биік таудың иығына келеді өсем күн шығып,
Машинаның моторы бол тұтанады тіршілік.

Қатал қыстың ызғары бар сұық лепті бұл таңда,
Жанталасты жапырақтар қонбак болып бір талға.

Бар табиғат жылдылық пен мейірімге іңкәрдай,
Көкжиекті шандатады жел бір асау тұлпардай.

Қаз-үйрегін аңсан жылап, жан-тәнімен теңселіп,
Жатыр жүдеп, іштей мөңкіп, ауыр ойға көл шомып...

* * *

Думанды күндер, тұмансыз тұндер толассыз,
Алдыңдан шықсын арманның туын көтеріп.
Тағдырдың дарқан тартуын бөліп талассыз,
Ертеңге еркін ене бер гүлден от өріп!

Шайқалып, шалқып жапырақ жайған аршадай,
Сөулелі шақта мұңайып әсте көргегін.
Шұғыла дәуір аялай берер, шаршамай
Мұрагерлерге құра бер шаттық өрмегін!

* * *

Сахараның Ботагөзі, Баяны –
Ақбекенді көрдім мұңлы, аядым...
Үркек болып кетіпті өзі лезде,
Сенгіш қалпы жоғалыпты баяғы.

Маңайына жуытпайды, жаралы
Көкірегін буып қайғы барады...
Сенім үміт гүлі еді ғой құлпырған,
Айтшы маған кім үзді оны, қарағым?!

Неге-неге сипатпайсың маңдайдан?
Неге жаның баяғыша салмайды ән?
Қалай ғана байқамайсың, қанаттым,
Көкірегім астан-кестен... қан майдан...

Кайран сұлу, бұл өмірді той деп пе ең?!
 Мен де қарап тұрғандаймын әйнектен...
 Қызық едің ой, неткен!
 Бұзық едің ой, неткен!!!

* * *

Топырлап келіп, топталып,
 Тұмандап тұрып қалатын.
 Кейде бір боран боп қалыш,
 Жұлдыз боп кейде жанатын –
 Ойларым менің, ойларым.

Киянға қиял үдеріп,
 Арманға ерік беретін.
 Бұлттай кейде тұнеріп,
 Бәйгеден кейін келетін –
 Ойларым менің, ойларым.

Ұшқындей кейде жалт етіп,
 Жаңбыр боп кейде сіркірер.
 Найзағай болып жарқ етіп,
 Күн болып кейде күркірер
 Ойларым менің, ойларым.

ТҮРЛІ СӘТТЕР

Коңыр қаздай даусымды бір соза алмай,
 Орман ойлар жапырағын жаза алмай.
 Мен отырмын...
 Жұлдыздардай көктегі,
 Аппақ-аппақ үміттерден кез алмай.

Сәтсіздіктер қонақтардай күтпеген,
 Өз ойынан шығармайды-ау діттеген.
 Мақсаттар көп... Міндеттер көп алдында,
 Жырларымдай аяқталып бітпеген...

* * *

Жанымды қинаң түрлі сөт қамаған,
Мойымас мақсатым бар – мақтана алам!
Бір сөт бар төзіміме тірек болған,
Бір сөт бар сабырымды сактамаған.

Бір сөт бар бір ғұмырға бермейтүғын,
Бір сөт бар мың ғұмырды жерлейтүғын.
Келіңдер,
Тұлкі-сәттер тұтқылдан,
Ақ түйғын арманыма бермей тыным...

* * *

Арманым – биік үшқан бір құс аппақ,
Келемін кең далада гүл құшақтап.
Кеудемнен балбұлақтар атқылайды,
Салюттер атылғандай тұнгі шақта.

Шіркін-ай...

Теңіз көңіл тасыған сөт,
Тамаша табиғатқа қосыла алса...
Дауылды ғасырымның биігінен,
Тынбастан жар саламын осыны ансал...

* * *

Бір сәттер бар... Кемшілікті тереді,
Дұшпаныңа қолды байлад береді.
Сол сәттерде арыстандай атылып,
Дүниені дөңгелеткің келеді...

Пай-пай, осы қылыш сәттер қинайды-ау,
Түрлі сәттер тарпаңдығын тыймайды-ау.
Тәтті сәттер,
 Әттең, шіркін мәңгілік,
Менің құйттай құшағыма сыймайды-ау!!!

* * *

Тұрлі сәттер... Сан қылы сыр шертеді,
Тұрлі сәттер – таусылмайтын ертегі.
Бір сәт менің мерейімді өсіріп,
Бір сәт менің өзегімді өртеді.

Тұрлі сәттер өмірдің өр белесі,
Жүріп келем қабырғаммен кеңесіп.
Бір сәт тұrsa, құйбендетіп құйкі өмір,
Бір сәт тұrap айдарымнан жел есіп.

Қайран өмір... у мен балдың қоспасы,
Әлсіз жандар жүрген жоқ-ау бос қашып.
Тұрлі сәттер, сапарластар сан қылы,
Мен олармен өтем мәңгі достасып...

* * *

Қайғым да көп... Қуанышым одан көп,
Тұрлі сәттер – мың құбылып соғар леп.
Қайғы таудың болса көрлі тасқыны,
Қуанышым жатыр алда тоған боп...

Ер жігітті жындандырған қызға ұқсап,
Жас жүректі жарагайды бұзық сәт.
Мәңгі көктем ақ жанымның жайлауы,
Бұлбұлы боп сайрай берсін қызық шақ!

БІР-АҚ СӨЗ

Бір-ақ сөз – қанымды қайнатып кететін,
Бір-ақ сөз – жанымды жайнатып кететін.
Бір-ақ сөз – қамалды тас-талқан ететін,
Бір-ақ сөз – даламды дастархан ететін.
Бір-ақ сөз – өзіңе басқаны қаратқан,
Бір-ақ сөз – сол мықты көп қару-жарактан!

* * *

Ей-е-е-ей, өмір!
 Қалмасын деп көрмегенім
 Бұлқынып биігіңе өрмеледім.
 Дабысым ақ аспанда самғаса да,
 Табаным шегеленсін жерге менің.

Бірде оған, бірде бұған әлек қылыш,
 Қойдың-ау әр нәрседен дәметтіріп.
 Шағылып қалары бар тауым кейде,
 Кеткендей қара сұық пәлекті ұрыш.

Жалтырап жатсын мейлі табанда айдын,
 Қалтырап, қорқып-бұғып қала алмаймын.
 Тынбастан өрмелеймін биігіңе,
 Шықпасам биігіңе алаңдаймын.

Әлі де көп болғанмен көрмегенім,
 Табаным нық тіреліп жерге менің,
 Талабым жүлдyz – көкте жарқыраса,
 Ол менің өрлегенім – өлмегенім.

АҚЫНДАР

Колпаشتауды (о, ғажап!) сүйеді екен ақындар,
 Ойларынан ар тауын үйеді екен ақындар.
 Жаңалықтан жарапан ақындардың жүрегі,
 Тұлкі-құлық көрінсе қыран болып іледі.
 Өр кеудесі ақынның ададықтың мекені,
 Өжеттікпен өмірін өрге тартып өтеді.
 Бұлбұлдарды балқытқан өн екен ғой ақындар,
 Табиғатты толқытқан таң екен ғой ақындар.
 Ақын деген зор атты талай қулар бүркеніп,
 Қалт-құлт етіп әйтеуір өлмес дәнін жүр теріп.
 Жыр сапында ондайлар бүгін бар да, ертең жок,
 Жүз жасасын ол мейлі, ал өлеңі ерте өлмек.
 Ақындар бар аз жасап,
 көп жазбаған өлеңді,
 Өзі өлгенмен жыры өлмей шарлап кеткен әлемді.

Ақындар бар, достарым, жасайтын жыр үшін,
 Ақындар бар тағы да жыр жазатын күні үшін.
 Қалау үшін өр сөзді қашайды екен ақындар,
 Өлең болып мәңгілік жасайды екен ақындар.
 Шын ақындар өлеңмен алады ғой тынысын,
 Ал өлеңге өгейдің көрген күні құрысын!

AFAFA

Жұмаділла Шәуеновке

Өзіңсің ойнатқан да еркелеткен,
 Өзіңсің көңілімді көркем еткен.
 Отызға келгеніммен
 Әлі күнге
 Алдыңа бара берем еркелеп мен.

Япыр-ай қандай жақсы аға деген,
 Өзінді аңқылдаған дана көрем.
 Асқар тау көрінгенмен інілерге,
 Өзіңе кішкентай бол қала берем...

* * *

Тамшылары жаңбырдың мұнша неткен ерке еді,
 Ойнағысы келе ме, тереземді шертеді.
 Аландаиды көңілім біреу келіп тұр ма деп,
 Ойлап қалам тамшылар тұнып тұрған жыр ма деп.
 Тамшылары жаңбырдың тереземді қағады,
 Сыртылымен жүректің жұлдыздарын жағады.
 Күмбірлеген күй болып келे берсін тамшылар,
 Мүмкін олар өлі де мен білмейтін өн шығар...

САИДХАСАНФА

Дала... дала – жасыл жұмақ, ұлан-ғайыр жер байтақ,
 Құшті болсаң осында кеп мықтылықты көр байқап!
 Жүйріктікten дәмен болса тұс киікпен жарысқа,
 Дауылпаздай өр болмасаң дауылдымен алыспа!

Дала биік, болмаса да алып кеуде тау сынды,
 Энші болсаң алты қырдан асырып көр даусынды!
 Шөлге шыда апта бойы арымайтын атандай,
 Мұңға шыда мың аунатса мыңқ етпейтін жапандай!
 Дүшпан келсе борай соғып, буырқанып, бұрқанғын,
 Шындық күйін бұлттан асыр қанаты бол сұңкардын!
 Зулап өтсе, думан етсе аққан жұлдыз – тұлпар күн,
 Ер тұлғаңды бір биіктен көруге шын іңкәрмін.

* * *

Әділеттің ақ жолында өзиз жанын қиды адам,
 Жақсылықты жанарына сұқтана кеп қүйды адам.
 Өмір үшін қымыздай-ақ сапырганмен миды адам,
 Ойын түгел айта алмапты дегеніце иланам.
 Бірақ... бірақ... қу нәпсіні жеңе алмапты дегенге,
 Сене алмаймын,

Мойындарсан ұстап ал да көгенде!
 Ақ тақырға ат ойнатып жауға қарсы шапқандар,
 Дем біткенде туған жерін көкірекпен жапқандар.
 Шын батырлар, міне, солар...

Сол ерлігін сақтаңдар,
 Yay! Ерлердің айқасынан бақыт тауып жатқандар!
 Бір көруге табылмаса өліп кеткен ер адам,
 Өр мүсінін даламызға соғайық та қоладан.
 Туған жерді қалай сую керек содан байқалсын,
 Бір көргендер мынау нағыз ер екен деп айта алсын.
 Көз алдыңа елестесе батырлардың қимылы,
 Ол солардың болашақты өлдилеген гимні!

АҚКОРҒАН ӘУЕНДЕРІ

Бірінши әуен

Уақыт,
 Күн,
 Жел,
 Тыңдандар,

Күлге айналды құмғандар,
 Күлге айналды зындандар.
 Күлге айналды балалар,
 Газиз жанды аналар,
 Қасиетті даналар,
 Қасіретті қалалар,
 Батырлар да баяғы,
 Күл бол қолын жаяды...
 Қайран бабам қапыда,
 Күйген жаудың отына.
 Қалған үміт үзіліп,
 Жатыр әлі кіжініп...
 Шіркін, қорған өткенді,
 Айтып жатыр көктемге.
 Адамдарға айтатын,
 Қорған тілін ата жау
 Кесіп алып кеткен бе?!

Екінші әуен

Ескі қорған...

Қайда барсаң қурап қалған адамдардың сүйегі,
 Қорған жайлы мәлімет жоқ, шежіре жоқ жүйелі.
 Ойға шомып жүріп келем, жүріп келем кекпенен,
 Гүл өсіп түр өліктердің қандарындай кеппеген.
 Көріп келем құмыраның сынықтарын, бастарды,
 Егер менде бір күш болса сөйлетерлік аспанды...
 Бір күш болса сөйлетерлік қорған менен даланы,
 Білер едім елді жүтқан қай жауыздың араны.
 Бір аңыз бар...

Бір аңыз бар айтатұғын ел ескі,
 Бірақ оған сене алмаймын, айтар ойы көмескі.
 Жүріп келем...

Гүл өсіп түр...

Гүл өсіп түр нәп-нәзік,
 Қорған толы өлік бізге жібергендей хат жазып.
 Сол хатты оку қын еді, қын еді, ех, қандай!
 Тұрса шіркін, көне күндер, ер өлімдер тоттанбай!
 Бұл қорғанды Аққорған деп атапты атам мактаныш,
 Қорған жайлы бір мәлімет қалған осы сакталыш.

Аргы жағы бұлдыр елес, шым-шытырық, шатқалаң,
 Қым-қуыт кез... қала өмірі алға қарай ақпаған
 Өмір үшін ұлы айқаста қорған – жүрек тоқтаған,
 Бұлк-бұлк соққан қала – тамыр содан бері соқпаған.
 Ыза буып жүріп келем...

Жүріп келем кекпенен,
 Қорған болып тұра қалған кеудемде бір отты өлең.
 Өйткені сол бабалардың бізге аты жетпеген,
 Төнімізде қаны ойнайды өлі күнге кеппеген.

Үшінші әуен

Қайран дала, жоныңды
 Қылыштар жатты кескілеп,
 Тұяқтар өтті тескілеп...
 Мықтылық...
 Жара орнына,
 Заматта қаулап өсті көк.
 Жасырғың келді-ау мұңыңды,
 Жасырғың келді-ау мінінді...
 Маңдайдан сипап өсірдің,
 Панасыз қалған ұлыңды...
 Қайран дала,
 Қаншама
 Қанішерлер аңсаған
 Ару едің...
 Жауыздық жан-жағынан қоршаған.
 Қорғаныңды талқандап,
 Қас дүшпаның күйретті,
 Даңқыңды атқа сүйретті,
 Халқыңды атқа сүйретті...
 Бірақ осы женіліс,
 Бірігуді үйретті!

Төртінші әуен

Ғасырлар тізесін батырып,
 Еңсенді езіпті...

Ақкорған
Алдыннан анамдай аһ үрып,
Қай күні кезіктің?

Япыр-ау,
Мен не деп барамын
Бабамның тұрағы!
Ерлігі қираған қаланың, –
Салтанат құрады!..

Бесінші әуен

О, баба! Азынаса да азапты күн,
Сақтапсың сары майдай қазақ тілін.
Мойымай сайрандапсың сахарада,
Қайғыдан қайыспасың ғажаптығың.

Екпінің жатыр өзен ағысында,
Жүйріктің замғап үшқан шабысында.
Өзіңнің қамал бұзған қайратыңың,
Келеді өлі күнге сағы сынбай.

О, баба! Батырлығың қымбат мұра,
Өзіңнен алғам мынау сымбатты да!
Сөйлей бер құмдар жұтқан қала болып,
Мен сені мәңгі бақи тыңдал турам!

КҮНДЕР

Күндер... Күндер – ұлы тарих беттері,
Күндер шыңға жетпегенім,
Жеткенім...

Бір ғасырды бір ғасырмен жалғаған,
Күндер менің қасиетті өткелім!

* * *

Кұлағыма құйған жастан
Жырдың небір ғажабын,
Ей, өз өнім – қазағым!